Түркістан облысы
Жетісай ауданы
Мақталы ауылдық округі
ӘКІМІНІҢ ӨКІМІ

Туркестанская область
Жетысайский район
РАСПОРЯЖЕНИЕ АКИМА
Макталинского сельского округа

160516 Мақталы ауылы
тел: 42-68

№ 10 09.02. 2026 ж.

«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 16-бабының 4,5-тармағына сәйкес (әрі қарай – Заң) **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. «Professional Community Astana Orleu» ЖШС әлеуетті өнім берушісінен жалпы сомасы «85 000» теңгеге «2026 жылғы өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру. Міндеттемелерді орындау бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер» тақырыбындағы семинарға/конференцияға қатысу бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша сатып алу қызметтері үшін "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамы басқарма төрағасы Ж.Оспановтың 17 желтоқсандағы 2025 жылғы № А-СТЛ/25-2531 шығыс хатына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 516-тармағына сәйкес ФЛБ-ға (Форматты-логикалық бақылау) сәйкес, Заңның 16-бабы 3-тармағының 25-тармақшалары негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

3. Жетісай ауданы Мақталы ауылдық округіндегі елді мекендерден қауіпті емес қалдықтарын әкету (жинау) жөніндегі қызметтер күн сайынғы қажет ететін тіршілікті қамтамасыз етуге байланысты болғандықтан, конкурстық немесе өзге де бәсекелестік сатып алу тәсілдерін қолдану рәсімдерінің ұзақ мерзім алуы салдарынан қызмет көрсетуде уақытша үзіліс туындау қаупі бар. Осыған байланысты Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

4. Мақталы ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратын электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында "Оңтүстік Жарық Транзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 516-тармағы ФЛБ (Форматты-логикалық бақылау)-ға сәйкес, Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

5. Мақталы ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратын орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерін пайдалана отырып, суық сумен жабдықтау жөніндегі қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында "Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жетісай су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынмен, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 516-тармағы ФЛБ (Форматты-логикалық бақылау)-ға сәйкес, Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

6. Мақталы ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратын табиғи газбен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында "ҚазТрансГаз Аймақ" акционерлік қоғамымен, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 516-тармағы ФЛБ (Форматты-логикалық бақылау)-ға сәйкес, Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

7. «Мемлекеттік сатып алу туралы»ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ компьютерлерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын сапалы әрі қысқа мерзімде орындау, сондай-ақ ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

8. «Мемлекеттік сатып алу туралы»ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ принтерлердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында картриджерді толтыру және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу қажеттілігі бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

9. «Мемлекеттік сатып алу туралы»ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ

мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ ұйым қызметін қамтамасыз ету үшін полиграфиялық өнімдерді дайындау және басып шығару. Аталған өнімдер дизайн, формат, түстер үйлесімі және сапа талаптары бойынша бірыңғай стильді сақтауды талап етеді және жұмыстарды қысқа мерзімде әрі сапалы орындауға қажеттілігі бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

10. «Мемлекеттік сатып алу туралы»ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ жобалық/техникалық құжаттаманы, кестелерді, төлқұжаттарды және ұқсас құжаттарды сапалы, уақытылы және тәуекелсіз түзету мақсатында, сондай-ақ жобаның тұтастығы сақталуын қамтамасыз ету үшін көрсетілген қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

11. «Мемлекеттік сатып алу туралы»ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ қызметтік автокөлікті жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу қажеттілігі бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

12. Сатып алуды бас маман – К.Кемелбек мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

13. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.

14.Осы өкімнің орындалуын бақылауды ауыл әкімінің орынбасары Н.Егизбаевқа жүктеймін.

15. Осы өкімге қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Мақталы ауылдық округі әкімі: М.Абдумажитов